

Қазақстан Республикасы Президентінің Астана қаласында Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Президенттерінің кездесуін өткізуге байланысты ұйымдастыру іс-шаралары туралы 1999 жылғы 12 ақпандағы N 6 өкімін іске асыру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1999 жылғы 16 ақпан N 16-ө

Қазақстан Республикасы Президентінің "Астана қаласында Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Президенттерінің 1997 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы Мәңгілік достық туралы шарттың екі жылдығына арналған кездесуін өткізуге байланысты ұйымдастыру іс-шаралары туралы" 1999 жылғы 12 ақпандағы N 6 өкімін орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасының министрліктері, агенттіктері және ведомстволары Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы 1999 жылғы 12 ақпанда бекіткен N 19-16/10 Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы Президенттерінің кездесуіне дайындалу және оны өткізу жөніндегі іс-шаралардың жоспарын орындау жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылға

арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттың есебінен  
Кездесудің шеңберіндегі барлық іс-шараларды өткізуге ақша  
қаражатын бөлсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының  
Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Оқынандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК